

М.Ж. Калшабаева¹, **С.А. Сартаев^{2*}**, **С.Ж. Сулейменова²**,
С.К. Жетписов³, **Д.А. Турсынкулова²**

¹«Туран» Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

³Торайғыров университеті, Қазақстан, Павлодар қ.

*e-mail: Spatay.Sartaev@kaznu.edu.kz

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ДӘСТҮРЛІ ЖОЛДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақ тарихында қоғамдағы түрлі конфликтілерді билер соты мен ақсақалдар кеңесі көмегімен шешу дәстүрі болды. Билік институттарының осы түрлері халыққа ең жақыны болды. Өйткені олардың қызметі әділдік, халықтық және адамгершілік идеологиясына негізделді және оның түп мақсаты дауласушы жақтарды татуластыру, бітімгершілікке жетелеу болып табылды. Әр би мен ақсақал істі шешу барысында тартысушы тараптарға толықтай әділдік көрсетуді өзінің киелі борышы санаған. «Дау мұраты – бітім» көшпелі қазақ қоғамындағы билер сотының негізінде жатқан басты қағидалардың бірі болып табылды. Бұл өз кезегінде қазіргі Қазақстандағы медиацияның басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Мақалада қазіргі медиация мен осы екі дәстүрлі институттардың бітімгершілік пен татуластыру қызметімен тарихи сабақтастығын анықтауға талпыныс жасалады. Билер соты мен билердің бітімгершілік пен татуластыруға бағытталған қызметін анықтайтын түрлі ғалымдардың жазбасына және тарихи мұрағат материалдарына шолу жасалды. Сондай-ақ қазақ қоғамындағы ежелден билік институтының бірі болып табылатын ақсақалдар кеңесінің қызметінің ерекшеліктері де анықталады. Қазіргі уақыттағы осы дәстүрлі институттардың жаңғыртылу барысында атқарылып жатқан жұмыстарға шолу жасалды.

Түйін сөздер: Билер соты, билер кеңесі, ақсақалдар кеңесі, дау-дамай, медиация, бітімгершілік, татуласу, құн.

M.Zh. Kalshabaeva¹, S.A. Sartayev^{2*}, S.J. Suleimenova²,
S.K. Zhetpisov³, D.A. Tursynkulova²

¹Turan University, Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

³Toraigyrov University, Kazakhstan, Pavlodar

*e-mail: Spatay.Sartaev@kaznu.edu.kz

Continuity of traditional methods of dispute resolution with the modern institution of mediation in Kazakhstan annotation

In Kazakh history, there was a tradition of resolving various conflicts in society with the help of the court of biys and the council of elders. These institutions were closest to the people. Since their activities were based on the ideas of justice and humanity, and its ultimate goal was to reconcile the disputing parties and bring them to peace. Each biy and elder considered it his sacred duty to show complete objectivity towards the disputing parties when resolving the case. "Dau muraty – bitim" (The purpose of dispute resolution is reconciliation) was one of the basic principles underlying the court of biys of nomadic Kazakh society. This, in turn, is one of the main tasks of mediation in modern Kazakhstan. The article attempts to determine the historical continuity of modern mediation and traditional institutions with peacekeeping and conciliation activities. In order to determine the activities of the court of biys aimed at peacemaking and reconciliation, an analysis of the works of scientists and a review of historical archival materials were carried out. The features of the activities of the council of elders, which is one of the oldest institutions in traditional Kazakh society, are also determined. The main directions of revival and modernization of traditional institutions at the present stage of development of the Republic of Kazakhstan have been identified.

Key words: Court of biys, council of biys, council of elders, dispute, mediation, peacemaking, reconciliation, value.

М.Ж. Калшабаева¹, С.А. Сартаев^{2*}, С.Ж. Сулейменова²,
С.К. Жетписов³, Д.А. Турсынкулова²

¹ Университет «Туран», Казахстан, г. Алматы

² Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

³ Торайгыров университет, Казахстан, г. Павлодар

*e-mail: Spatay.Sartaev@kaznu.edu.kz

Преимственность традиционных способов разрешения споров с современным институтом медиации в Казахстане

В казахской истории существовала традиция решать различные конфликты в обществе с помощью суда биев и совета старейшин. Данные институты были наиболее близки к народу. Так как их деятельность была основана на идеях справедливости и гуманности, а ее конечной целью было примирение спорящих сторон и приведение их к миру. Каждый бий и старейшина считал своим священным долгом проявить полную объективность к спорящим сторонам при разрешении дела. «Дау мұраты – бітім» (Цель разрешения спора – примирение) являлся одним из основных принципов, лежащих в основе суда биев кочевого казахского общества. Это, в свою очередь, является одной из главных задач медиации в современном Казахстане.

В статье предпринята попытка определить историческую преимущественность современной медиации и традиционных институтов с миротворческой и примирительной деятельностью. С целью определения деятельности суда биев, направленной на миротворчество и примирение проведен анализ трудов ученых, обзор исторических архивных материалов. Также определены особенности деятельности совета старейшин, который является одним из древнейших институтов в традиционном казахском обществе. Определены основные направления возраждения и модернизации традиционных институтов на современном этапе развития Республики Казахстан.

Ключевые слова: Суд биев, совет биев, совет старейшин, спор, медиация, миротворчество, примирение, ценность.

Кіріспе

Өзектілігі. Қазақстан Республикасының құқық саласындағы әрбір жаңашылдықтың түпкі мақсаты ұлттық құқықтық мәдениетпен сабақтасып жатуы керек. Қазақ халқының мұрасын, ұлттық мәдениетін есепке ала отырып пайдалану сол жаңашыл институттардың дұрыс, тиімді жұмыс жасауына негіз болады деп есептейміз. Неміс философы – Лейбництің «бүгінгі күн кешегінің ұрпағы және болашақтың ата-анасы» деген қанатты сөзімен келіспеске болмайды. «Ескі Еуропаның мың жылдық тарихы бар, – деп жазады Кон. Франц, – Мұны ұмытуға тырысудың еш пайдасы жоқ: қайткен күнде де ол бүгінгі күнге әсер ететін болады» (Дитятин, 1895).

Шынында қазіргіні тиісті түрде түсініп, бағалап, таразыға салу үшін өткенді зерттеу жолымен ғана мүмкін болмақ. Өткен шақ халықты өмірдің қандай да талаптарының әсерімен дүниеге алып келді, тәрбиеледі, өсірді. Әр құқықтық институт халықтың жалпы құқықтық құрылымы секілді тарихи-генетикалық, территориялық-тұрмыстық, діни және халық өмірінің басқа да факторларының әсерінен құрылады.

Кез-келген мемлекеттің тарихына көз жүгіртер болсақ конфликтіні шешудің жергілікті

ерекшеліктер мен дәстүрді негізге ала отырып өзіндік әдіс-тәсілдерін қалыптастырғанын байқауға болады. Француз зерттеушісі Н.Руланның сөзінше «дәстүрлі қоғамдағы сот әділдігінің міндеті – алдын ала бекітілген нормаларға жүгінбей, бұзылған қоғамдық тепеңдікті қалыпқа келтіруге қол жеткізу болып табылады» (Рулан, 2000).

Медиация АҚШ та XX ғасырдың екінші ғасырынан қолданысқа енгізіліп, дамуының бірден-бір себебі конфликтіні сотқа жеткізбей тараптарды бірдей қанағаттандыратын келісімге келу, бітімгершілігімен татуластырумен шешу болып табылды. Қазіргі Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңын (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30928762#activate_doc=2) қабылдау қажеттілігі де жоғарыда айтылған себептермен түсіндіріледі. Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі. Медиацияның мақсаттары мыналар болып табылады: дауды (жанжалды) шешудің медиация тараптарын қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу; тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Ал одан бірнеше жүз жыл бұрын пайда болған билер сотының бірден-бір мақсаты да, ерекшелігі де дау-дамайды ушықтырмай, тараптардың уәждеріне әділ шешім шығарып, заңдылықты сақтау, оны бекіту, қоғамның тыныштығы мен ынтымақтастығын сақтап отыру еді. Ендеше медиация деген атауы ғана болмаса осы бір жаңа құқықтық институт қазақтың билер сотының жалғасы секілді. Осы орайда қазақтың дәстүрлі әлеуметтік құқықтық институттары – билер соты мен ақсақалдар институттарын меңгеру маңызды болып табылады.

Медиация институтын билер институты мен ақсақалдар кеңесімен, медиаторды билермен байланыстыра қарау мәселесі өзекті болып табылады. Өйткені бұл екі құбылыстың табиғаты мен ерекшеліктері, түпкі мақсаты ұқсас. Тіптен Қазақстандағы заңмен бекітілген татуласу рәсімдері дәл осы билердің бітімгершілікке негізделген қызметінің жалғасы іспеттес.

Мақсаты. Медиация құқықтық институтының мақсат, идеялары қазақтың билер соты мен ақсақалдар кеңесінің бітімгершілік және татуластыру қызметімен ұқсас белгілері көп. Қазақ қоғамындағы билер қызметінің басты мақсаты – бітім болды. «Дау мұраты – бітім» көшпелі қазақ қоғамындағы билер сотының негізінде жатқан басты қағидалардың бірі және оның айшықты нұсқасы болып табылады. Мақаланың мақсаты медиация қызметінің ерекшеліктерін осы екі дәстүрлі институттардың бітімгершілік пен татуластыру қызметімен тарихи сабақтастығын анықтау, зерделеу болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Мақалада дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі билер соты мен ақсақалдар кеңесінің медиацияның тарихи бастауы ретінде басты мақсаты халықты татуластыруға, бітімгершілікке келуге шақыру сияқты тарихи ерекшеліктері анықталады.

Зерттеу барысында көптеген қазақ құқығы тарихы бойынша жүргізілген зерттеу материалдары, XIX ғасырда жүргізілген орыс ғалымдарының қазақ құқығы туралы тарихи жазбалары, мұрағат материалдары қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін қазіргі заманғы құқықтану доктринасы, танымның диалектикалық-материалистік әдісі, сондай-ақ логикалық, жүйелік-құрылымдық, нақты-әлеуметтанулық, сонымен қатар талдау және синтез әдістері құрайды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі – жалпы ғылыми принциптерге және қолданбалы-

теориялық зерттеулерді құру тәсілдеріне сәйкес мақалада қарастырылған тақырыпқа қатысты түсіндірілген құқықтық ғылымның негізгі ережелері табылады.

Әдеби шолу

Академик С. Зиманов «Қазақ құқығы бойынша сот әділдігін іске асыру әділдік, халықтық және адамгершілік идеологиясына негізделді және оның түп мақсаты дауласушы жақтарды татуластыру болып табылды. Дауды қарастырудағы қарапайымдылық, сот әділдігімен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және соттық шешімдердің, тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де қоғамның алдындағы әділеттігі мен логика заңдарына сай болуын қамтамасыз ету билер сотының нысаны мен мазмұнын құрады» деп пайымдады (Зиманов, 2004).

Билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Барынша әділдікке назар аудару, екі дауласушы тарапты ортақ мәмілеге келтіру, олардың мүдделерін тең көздеу және сақтау билер сотының негізгі құндылығы болды. Билер сотының негізгі қызметі келтірілген шығынды өтеп беруде емес, әділеттіліктің салтанат құруын қамтамасыз ету болды.

Дәстүр бойынша билер сотында істі қарауды бастамас бұрын мынадай жағдайларды атқаруға міндетті болған: 1. Тараптарға «бітім» бейбіт келісімге келу шартын ұсыну; 2. Кешірім беру, сол арқылы істі мәжілісте бейбіт келісіммен шешу. Осыған байланысты Л.Баллюзек «билер соты әрқашанда тараптарды іске қатысы жоқ үшінші жақтарды немесе басқа құрметті адамдарды шақыра отырып, табыстыруға тырысатын. Ондағы мақсат – қазақ бір-біріне дос болсын дегені, оның үстіне өмірдің өзі өзара қарым-қатынастардан тұрады емес пе?!» деп жазады (Баллюзек, 1948).

Осыған орай А.Е. Алекторов «Билер соты – халықтық сот» атты ғылыми мақаласында «Ордалықтар өз үйлерінде тұрмыста болатын барлық ұрыс-жанжалдарды, реніш, төбелес және басқа да кикілжіндерді билер соты және ақсақалдар кеңесі арқылы шешуге үйренген. Әр би мен ақсақал істі шешу барысында тар-

тысушы тараптарға толықтай әділдік көрсетуді өзінің киелі борышы санайды; ол сабырлы түрде арыз-шағымдардың сондай-ақ ақтаушылардың барлық уәждерін егжей-тегжейін тыңдап алғаннан кейін ғана шешім шығарады. Оның шешімі мүлтіксіз және берік түрде орындалуға жатады. Билер сотында әрбір іс тыныш, құрметті, ешқандай ұлықтаусыз шешіледі, дауыс көтеру мұнда үлкен әдепсіздік болып саналады. Міне сондықтан да қырғызға біздің төменгі полиция инстанциясындағы сот өндірісі мен тергеу тәртібі жабайы көрінеді және олар одан қатты қорқады» деген пікір білдіреді (Алекторов, 1890).

Қазақтың дала заңдарын зерттеген көрнекті ғалым И. Козлов қазақ даласының сот билігінің ерекшеліктерін баяндай келе «ылғи да тартысушы тараптардың өз ар-ожданына жүгіндіру, әр шешімдегі татуластыру рухының басым болуы қырғыз (қазақ) сотының ең бір жарқын тұсы болып табылады» деген пікірі тағы бір дәлел, автор сонымен қатар билердің кіршіксіз әділдік пен білім иелері болғандығын да жазады (Козлов, 1948).

Жалпы қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша сот билігінің ерекшелігі оның демократиялылығында, яғни «шығыстың» рақымсыз заңдары секілді өлім жазасы, бас бостандығынан айыру немесе денеге зақым келтіру сияқты жазалардың болмауында. Барлық конфликтілердің шешімі азаматтық-құқықтық сипатта, яғни мүліктік және мүліктік емес жауапкершілік түрінде болды. Қазақ әдет-ғұрып құқығының ерекшелігі де осында.

Билер соты – жеке бидің немесе ауыл ақсақалының билік етуі, жүгініс яғни билікке бір немесе бірнеше би, екіден сегізге дейін ақсақалдар қатысуымен билік етуі, жоғары саты – Билер Кеңесі ретінде өткен. Билер Кеңесінде 6-дан 24 биге дейін болды және руаралық, тайпааралық, ұлысаралық дауларды шешу үшін шақырылып отырған. Билер соты ашық, жария, халықтық сипатта болды. Билердің шығарған шешімдері мен үкімдері халық тарапынан мақұлданып, ризашылығына бөленуі керек еді. Халықтың келісімі билер шешімінің орындалуына кепілдік ретінде қарастырылды.

Билер сотын билер жүзеге асырды. Билер әдет-ғұрып құқығының білгірлері және түсіндірушілері, сот-делдалдық қызметін атқарушылар, шешендер. Би дауласушыларға көмекке шақырылған тәуелсіз үшінші тарап болып табылады, алайда оның мәжбүр ету билігі жоқ (физикалық).

Қазақ құқығында бидің мәртебесін анықтайтын бірқатар нормалар: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Туғанына бұрғаны, биді Құдай ұрғаны» деген қысқа да нұсқа ережелермен арқылы сипатталады. Билер сотының маңызды ерекшелігі – оның руханилығы, яғни олар қарайтын істің рухани мазмұнына басым назар аударып, әрқашан моральдық қағидаларды басшылыққа алып отыруында. «Бай мал сақтайды, би ар сақтайды» деген қанатты сөздер халық санасында болған. Шындық пен әділдікке жету билер сотының негізгі және түпкі мақсаты саналды. Билер сотының нысаны мен мамұнын дауды қарастырудың қарапайымдылығы, сот әділдігі мен дәлеледеу бостандығының болуы, дау тараптары мен басқа да қатысушылардың өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің болуы, дау тараптарын татуластыруға тырысу, бидің шешімдерінің әділеттілігі құрады. Оған мынадай дәлел келтіруге болады:

Найманның биі Сарышуаш арғыннан күн даулай келіпті. Күн даулау себебі арғындар барымта етіп найман елінен жүзден аса жылқы алған екен. Сол жылқының иесі, байдың жалғыз баласы Алдаберген арғын еліне жылқысын қуып келсе, шешек ауруы бар екен. Ол сол шешек ауруынан арғынның ішінде өліпті. Наймандар оның сүйегін еліне алып барып жерлепті.

Келесі жылы наймандар келіп күн даулайды. Ол уақытта, қазақтың ескі заңы бойынша көрші елдерден бітімге келу үшін араға жүретін кісі алады екен. Сондықтан ара кісіге керейдің Жобалай дейтін бала жігіт биін алыпты.

Сарышуаш арғынның биі Айдаболдан үш кісінің құнын талап етіпті. Оған Айдабол: – Бір кісінің құнын берейін, үш кісінің құнын төлемеймін, – деп қасарысыпты. Сонда Сарышуаш: – Жоқ, сен әділдікке келсең қандықол ұрысың, алты аласы, бес бересісі жоқ болып жүріп жылқымды не үшін алдың? Сол жылқыны қуып келіп, найман Алдаберген шешектен өлді. Сондықтан мен қалайда үш кісінің құнын аламын.

- Әй, Айдабол адам баласы армен, әділетімен жан сақтайды ғой. Сен ардан аттап отырарсың ба, әділетіне келесің бе? – дейді Сарышуаш би.

Осыдан кейін Айдабол да, Сарышуаш та билік айтуға ара кісі салады. Керейдің бала жігіт биі Жобалайдың айтқан билігі:

- Сарышуаш бидің де айтқаны келсін. Мен үш кісінің құнын кесемін. Ердің құны – елу қара, 150 қара күн кестім, – депті. Мұның елуі сара күн болсын, елуі қара күн, елуі дара күн болсын.

Сара күн деген бір тоқ – бір қақты есебімен 18 тоқты еді.

Дара күн дегені – құнажын інген, дөнен атан екеуі бір-бір түйеге есеп болсын, – депті.

Қара күн деген тай да бір түйе, тайлақ та бір түйе, тайынша да бір түйе есебінде болсын, – депті.

Осы билікке арғын – найман екі жағы да риза болыпты. Оның себебі, найман үш кісіге күн алдым деп риза болады, арғынға шаққанда 150 түйенің орнына 75 түйемен даудан құтылыпты (Зиманов, 2004). Бұл айтылған биліктің негізгі мәнін Арғын мен Найман тайпаларының арасында туындаған күн дауы құрап тұр. Осы дауда екі тайпаның арасында делдал ретінде дауды реттеуге көмектесіп үшінші тарап бала би жігіт Жобалайдың билік айтуын көреміз. Жобалайдың кескен шешімі елден-елге тарап, осы күнге жетіп отыр.

Көріп отырғанымыздай медиация рәсімінің барлық белгілері бар осы бір болған оқиғадағы бидің бітімгершілік қызметінен айқын көрінеді.

Қазақ билері көшпелі қоғамдағы соттық істе әдет құқығын терең меңгерген, оны шебер қолдана білген, шешендік өнер мен халық алдында сөйлей алу қабілеті бар, халықтың тарихы мен тұрмыс-тіршілігін жетік білетін зиялы топ ретінде қалыптасты. Билер соты дауласушы тараптарды келісімге келтіруге тырысып істі шешетін, сондай-ақ дауды шешу барсында жеке және қоғамдық сипаттағы теріс әрекеттерді жоюға тырысты. Мұндай қиын мақсаттарды шешу үшін билер даланың даналық мектебінде оқып, данагөй ақсақалдардың алдында сыннан өтіп, өткір ойлы, шешен тілді, сондай-ақ қазақ құқығының білгірлері болуы міндетті еді. Тек осы талаптарға толық жауап бергенде ғана билер соты айналада әділдік пен құқықтық тәртіп орната білді.

Осы жөнінде «Қазақ құқығы нормаларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, әрі реформаторы, сот билігін ел бірлігіне арнаған, көне дәстүрді берік ұстаған билер деп аталатын ерекше тап еді. Бұл қазақ билері Шығыстағы басқарушы билерден өзгеше болып қалыптасты. Олар әрі ақын, әрі шешен, философ, әрі ойшыл, әдет-ғұрып құқығының білгірі және оның реформаторы, әскери қолбасшы және басқарушы еді. Ал көзқарасы негізінен – өз қызметінде жергілікті ру мүдделерінен бұрын Қазақ халқының мүддесін жоғары ұстаған, сонымен бірге олар қоғамдық пікірдің бақылауында болды. Қазақ биінің моральдық құқықтық мәртебесі

халықтың – «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген талабынан көрініс тапты. Дәл осы пікірді XVIII ғасырдың басында өмір сүрген атақты Әйтеке би «Өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі» – деп әдемі айшықтаған болатын – деп тұжырымдайды С.Зиманов (Зиманов, 2004).

Қазақ құқығын зерттеген белгілі зерттеушілердің бірі Д. Самоквасов «халық санасында би атағы өзіне халықтың түп әдет-ғұрпы мен тарихы туралы терең танымын сіңірген санаулыларға ғана тиесілі» – деп жазған (Самоквасов 1876). «Киргизский народный суд» деп аталатын көлемді мақаланың авторы А.Зуевтың пікірі бойынша, «қазақ билерінің дана да, парасатты» болғандығы сонша, олардың соты «алыста өткен патриархалды өмірдің тыныш тұрмысындағы өмірдің өзі секілді таза және шынайы, жарқын парақтары ретінде көрініс табады» (Зуев, 1867).

Ш. Уалиханов «Сот реформасы туралы жазбасында» «Биді ресми түрде ешкім сайламайды және ресми түрде ешкіммен бекітілмейді. Еуропадағы ақын, ғалым мен адвокаттар секілді олардың маңызы жеке беделге негізделеді. Шекспир мен Гете барлығымен мойындалған ұлы ақындар болып есептеледі, алайда олардың кемеңгерлігі үкіметтің декреттеріне немесе халықтың ресми сайлауына негізделмеген.

Қырғыздарда би атағына көтеру халық тарапынан қандай-да бір ресми сайлаумен және халықты басқарушы билік тарапынан бекітуді қажет етпейді, тек шешендік өнермен ұштастыра отырып, сот ғұрыптарын терең таныған қырғызға ғана бұл құрметті атақ берілген. Би атағын алу үшін қырғызға халық алдында өзінің заң туралы білімі мен шешендік өнерін көрсете алуы керек. Мұндай адамдар туралы қауесет бүкіл далаға тез жайылып, олардың аты барлығына және әрқайсысына таныс болады. Осылайша би атағы сот және адвокаттық практикаға патент іспеттес болады. Би атағын алып жүруші тұлғалардың балалары үлкен заң тәжірибеге ие бола отырып, әдетте мол білімді, онымен қоса әкелерінің атағын да мұраға алып отырады» деп тамаша анықтайды (Валиханов, 1985).

Л.Ф. Баллюзек «судья міндеті билер деп аталатындарға берілген. Бұл атақ халықтың санасында табиғи ақыл мен шешендік өнерді қоса алғанда халықтың түп-тамырлы әдет-ғұрпы мен тарихи аңыздары бойынша терең танымын бойына сіңірген адамға ғана тиесілі. Осы табиғи қабілеттер мен олардың бойына сіңірген танымдарының бірігуі ғана бидің беделіне лайық,

немесе басқаша айтқанда би – ол халықтың тірі шежіресі, заңгері немесе заң шығарушысы» деген баға береді (Баллюзек, 1948).

Әрі қарай Л.Д. Андре «Ордадағы сотты талап етуші барлық істер басым түрде халық құқығының негізгі өкілдері ретінде билермен атқарылады. Табиғи ақыл, тәжірибе мен үлгілі ашықтықпен ұштасқан ерекше ішкі жан дүниесінің қасиеттері бидің осы бір атақты алып жүруге құқық беретін бар игілігі болып саналады. Оның басты міндеті арыз-шағымдарды тез арада қарау арқылы ауыл ішінде тыныштықты сақтау және осы арқылы жауласуға немесе даудың созылып кетуіне жол бермей жанжалдың басынан тоқтату болып табылады» деп жазады (Андре, 1948).

Жоғарыда аталған ғалымдардың жазбаларынан билер соты қызметінің ең басты қағидасы бітімгершілік пен татуластыру екенін аңғаруға болады. Бұл қазіргі медиация қызметінің басты идеясы және медиатордың ұстанар басты қағидасы болуы шарт.

«Билер институтының» негізгі мазмұны қазақ қоғамындағы басқа билік етуші институттар сияқты Ресей отарына айналғаннан кейін өзгеріске ұшырады. Бұл кезеңде қоғам ішіндегі билердің ықпалы әлсірей бастады.

Билер сотының осы бір ерекшелігінің жойылып бара жатқанына А.Байтұрсынұлы «1822-ші жыл устав шықпастан бұрын қазақ билігі (соты) өзінде еді, қазақ өз тентегін өзі тыюшы еді. Ол кезде сайланған би жоқ, қазақтың қадірлі, халық қалаған билері билік айтушы еді. Биге екі жағы келіп жүгініп, бидің шешімі әділ саналып, оны бұзамын деу болмаушы еді. Қазақтың мұндай билері, ілуде біреу болмаса қиянат билік айтпаушы еді. Егер бірен-саран көріне қате, әділдікке қайшы билік айтса, мұның дұрыстерісін хан сынаушы еді. Мұндай билікті хан сынаудан бастап қазақ билігі жоғарылы-төменгі дәрежеге (инстанцияға) бөлінді. Қазақтың бұрынғы тұрмысы-рәсімі өзгере бастаған соң халық ру руға бөлініп, бытыраңқы тәртіп әр ел шаруасының ыңғайымен әр жерде мекен етіп, бұрынғы жұрт тегіс сыйлайтын тура билер азая бастады...» деген қынжылысын аңғарамыз (Байтұрсынов, 1996).

Ш. Уалихановтың куәлік етуі бойынша, патшалық үкіметтің Қазақстанға колониалды сотты енгізу ниетіне қазақ халқы былайша жауап берген: «Билер соты мен олардың кеңесі – дейді халық – бізде бұрыннан бар және қазіргі орыс үкіметі ұсынып отырған бітімгерлік

сотының барлық бастамалары бізде де бар. Бұл сот – дейді әрі қарай жиналған қырғыздар, – біздің халқымыздың тұрмыстық талаптарын толығымен қанағаттандырады, сондықтан сот билігі мен кеңесі ежелгі халықтық нысанда қалдырылуы қажет» (Валиханов, 1985).

Билер соты 40 жылдық орыс әсеріне қарамастан жүздеген, бәлкім мыңдаған жылдар бұрынғы келбетін сақтап қалды. Осыған қарап халықтың ішкі қозғалысы да, орыс мекемелері мен заңдарының әсері де оның ежелгі және қарапайым нысанын өзгерте алмады. Егер қырғыз халқының қоғамдық өміріне көптеген жаңа элементтерді енгізген орыстың 40 жылдық билігінің ежелгі қырғыз билер сотына ешқандай әсері болмаса, егер бұл сот орыс заңдарының қолайсыз талаптарына қарсы тұра алса (мысалы 1854 жылғы заңына) онда оның қырғыз халқының бүгінгі дамуын толығымен қанағаттандыратындығы анық (Зиманов, 2004). И.А. Козлов «Құқықтық әдет-ғұрыптар туралы мәліметтер жинау» жұмысының аясында шығарған мақаласында «билер сотын» сақтап қалу мәселесін көтерген (Козлов, 1948). Билердің қызметіне жоғары баға бергендердің ішінде Н.Н. Максимовты да айтуға болады. Оның ғылыми жұмыстарының ішінен билердің рөліне жоғары баға бергенін аңғаруға болады. Ол «Қазақ әдет-ғұрып құқығының жинағын» құрастыруды ұсына отырып, патша әкімшілігіне қазақ нормалары мен институттарының түрлі сыртқы әсерлердің салдарынан өзгеріп бара жатқанына аландаушылық білдірді. Ең бастысы шарифаттың қазақтардың құқықтық өмірінде қолданылуына қарсы болды (Максимов, 1899).

Әрі қарай Ш. Құдайбердіұлы да осы мәселеге байланысты былайша ой толғап: «Билік туралы қазақтың ескі жолы жоқ емес, қазылған қара жолдай жолы бар. Бірақ ол жол ұмытылған. Себебі, көбінесе орыс заңына қарағандықтан болған. Мысалы, сайлау туралы закон-пара, жақындықпен би болуға ыңғайлы болып, кім болса сол би болып, аузына не келсе соны айтқан және себебі жазылмай қалғандықтан. Ол ескі жолдың көбі осы күнгі өмірге қолайлы. Бұрынғы ережелерде көбінесе сол жолға сүйеніп айтылған. Соларды тексеріп, қолайлысын алып, осы күнгі өмірге келісімсізін түзетіп, бір жоба жол қылып жазса, қазаққа сонан қолайлы жол болмас еді» деген ұсынысын келтіреді (Құдайбердіұлы, 1914).

Ақсақалдар институты. Көшпелілерде үлкен әлеуметтік және саяси күш өзіндік ұйымдасудың

негізгі нысаны – ру, тайпа, одақ, жүздерге түсті. Мысалы халықтың мал-мүлкіне жеке меншік болғанымен жерді тек ұжымдық түрде пайдаланды. Осыған байланысты жеке адамдардың құқығы мен ұжымдық құқықтардың бұзылуынан туындайтын мәселелерді шешу қажеттілігі нәтижесінде түрлі әлеуметтік институттар пайда болды. Сондай әлеуметтік институттардың бірі дәстүрлі қазақ қоғамының қоғамдық-саяси құрылымдары жүйесіндегі ерекше орын алатын – ақсақалдар институты болып табылады.

Ақсақалдар кеңесі -халықты басқарудың бейресми нысаны. Ақсақалдар кеңесінің түп-бастауы көне дәуірден басталады. Мысалы, А.И.Треножкин «Скиф феодалдық мемлекеттерінде мемлекет аппараты: мемлекет басшысынан және оның құлдары мен атқарушыларынан, белгілі -бір территорияға бекітілген бірнеше басқарушылардан немесе рулық топтардан тұрды. Олар өз кезегінде рубасыларына мойынсұнған, – дей келе ру-тайпаларды ақсақалдар басқарғанын, ал олар арнайы жиналатын кеңесінде қоғамдық өмірдің көрші елдермен қарым-қатынас, соғыс пен бітім, жайылым бөлінісі, дау-дамайларды шешу тәрізді мәселелерді талқылағанын айтады (<https://arheologija.ru/terenozhkin-ob-obshhestvennom-stroe-skifov/>). Әрі қарай грек тарихшысы Лукиан Самосатский скиф қоғамындағы ру-тайпа жетекшілерінің рөлін былайша көрсетеді: «егер кімде кім өзіне тең біреуді ұрса немесе жерге құлатса немесе киімін жыртса онда ақсақалдар бұл үшін үлкен жаза тағайындауы мүмкін» (<https://fibusta.club/b/387509/read>).

Қытай ғалымы Су Бей Хай «Қазақ мәдениетінің тарихы» еңбегінде қазақ мемлекетінің негізі жеті сатыдан тұрғанын жазады. Оның бірінші сатысы ауыл. Ол қазақ ұлтының ең негізгі қоғамдық ұйымы болды. Әр ауылдың басқаратын адамын – ауылбасы деді. Ауылбасы әдетте өмір көрген, саяси беделге ие кісі. Оның атқаратын міндеттері – ауылдастарының шаруашылығын басқару, маусымдық көшіп-қону уақытын белгілеу, дау-дамайды әділ шешіп отыру және т.б.

Екінші саты – ата аймақ. Жеті атадан қосылатын бірнеше ауылдан құралады. Оны ақсақал басқарады. Ақсақал өте жоғары мәртебеге ие адам (<https://h.eruditor.one/file/3127889/?ysclid=lp4a03kffs544014063>). Ақсақал термині «ру басы», «ел ағасы» сөздерімен қатар қолданыла бергенін ескерсек (<https://vdocuments.site/-31674-.html?page=1>) ақсақалдардың ауылдың билеушісі болғанын аңғарамыз.

Ақсақал көреген көсем, аузы дуалы батагөй, мәмілегер, елдің рухани тәрбиешісі, ұлағатты тәлімгер болды.

XVIII ғасырда ақсақалдар кеңесі әлеуметтік қауымның тіршілігін ұйымдастыратын бірден-бір дәстүрлі әлеуметтік институт болды. Ақсақалдар кеңесі шешімінің заңды күші болған. Ол жөнінде Иван Фальк «Ру ішінде патриархалдық-рулық тұрмыстың болуы ру старшыны – ақсақалдар беделінің сақталуынан көрінді. Бұрын жасы ұлғайған адамдарды ақсақал деп атап, өмірден мол тәжірибесі бар адам деп олардан ақыл-кеңес сұрайтын. Неке мен отбасы, жақын туыс ағайын арасы, мұрагерлік пен әменгерлік, енші, т.б. мәселелерді шешуге хақылы», – деп жазады (<https://author.today/work/278366?ysclid=lp4adv8zik315874285>).

Қазақ қоғамындағы ақсақалдардың алатын орны ерекше. Өйткені ауыл, ру, ел, мемлекет тыныштығы мен бірлігінің мызғымастығын қамтамасыз етуде еңбектері орасан болған. П.П. Румянцевтің «қазақтардың нағыз билеушілері ақсақалдар, билер, батырлар дей келе, олардың атақтыларының ықпалы ру аумағынан асып, бүкіл Орданың ісіне әсерін тигізген» деп сипаттауы жоғарыдағы пікірге дәлел болады (https://drive.google.com/drive/folders/1_mVLvEvKZo2Xqt_IA5AjOE5ZhRTonRb2). А.И. Левшин ханның өз билігін туысқандардың күшімен бекіте отырып, сол көп туысқандар ішіндегі ру ақсақалдарынан қаймыққанын және әрқашан олармен достық қарым-қатынаста өмір сүруге тырысқанын атап өткен (<https://archive.org/details/LevshinAleksey.OpisanieKirgizKazachikhIliKirgizKaysakskikhOrdIStepylzvestiyaGeograficheskie.11/page/n9/mode/2up>).

Дәстүрлі қазақ қоғамында «ру ақсақалдарының кеңесі», «тайпа ақсақалдарының кеңесі», «ақсақалдар соты» сияқты дәстүрлі билік институттары жүйесінің болғандығы белгілі. Ел билеу ісінде ерекше маңызға ие «Хан кеңесі» мен «Билер кеңесі» институттары осы ақсақалдар кеңесінен бастау алады. Бұл билік жүйесінің ауыл мен ру арасындағы түрлі қарым-қатынаста маңызы жоғары. Ақсақалдардың шешімі билер сотында, әдеттік құқықта маңызды орын алды. Билердің өзі маңызды істерді ру ақсақалдарының қатысуынсыз шешпеген. Осыған орай Ресей патшалығының 19 ғасырдың алғашқы кезеңдерінде қазақ даласында жүргізген зерттеулеріне сүйене отырып мынадай деректер келтіруге болады: «әр қырғыз ордасында ордалықтардың ішінен таңдаулы, би деп ата-

латындары болады. Осы билермен қырғыздар арасындағы жеке және қоғамдық істер бойынша істер қаралады. Осы істі қарауға бірнеше сыйлы ақсақалдар шақырылады және істің шешілуі барысы осыларға қатысты» деген жазбасы дәлел (<https://www.academia.edu/41601186/%D0%A4%D1%83%D0%BA%D1%81>).

Н.И. Красовский көшпелілерді шенеуніктер, ақылы мен шынайылығы үшін сый құрметке ие болған билер мен ақсақалдар және қарапайым халық деп үш адамдар табына бөліп қарастырады. Осылардың ішінде билер мен ақсақалдарға байланысты былай дейді: Халықтың құқықтары мен міндеттері би, ақсақалдар деп аталатын адамдар тобымен тиянақты түрде қорғалады. Сондықтан да адамдардың бұл табы қырғыздар арасында жаппай сый-құрметке ие. Олардың қандай да бұйрығын орындамау қырғыз үшін мүмкін емес жағдай, өйткені ол халық үні, дауысы. Ол сұлтан бұйрықтарын қорыққанынан орындайды бірақ оны жақсы көрмейді. Кезкелген бұйрықты өздерінің ақсақалдарының кеңесінсіз орындамайды. Ақсақалдың әрбір сөзін халық заң ретінде қабылдайды деп сипаттайды (Красовский, 1868). Бұл жазбадан билер мен ақсақалдар беделінің қарапайым халық арасында өте жоғары болғанын байқауға болады. Халықтың ақсақалдардың сөзіне тоқтауы, олармен кеңесіп отыруы қазақи қалыптасқан сана, ғұрыптың бірі саналды.

Ақсақалдар кеңесі елдің ішкі жағдайынан туындаған мәселелерді шешу үшін өткізіліп отырған. Ру ақсақалдары шешімін таппаған мәселені өзара кеңес жасап талқылап, реттеп отырды.

Ақсақалдар кеңесі туындаған мәселеге байланысты кез келген уақытта өткізіле беретін. Себебі ақсақалдар кеңесі жалпы халықтық мәселені емес, ауыл-аймақ пен ру ішінде туындаған мәселелерді қарастыратын. Атап айтар болсақ, рудың жылдың төрт мезгіліндегі көктеу, жайлау, күзеу, қыстау қоныстарын анықтау, осыған байланысты жер дауы, некелік қатынастардағы жесір дауы, барымта, күн дауы, сондай-ақ өзге де жол-жоралғы, жөн-жосық, кәде-қаумет, сый-сияпат, ас беру, торқалы той өткізу, ат жарысы мен балуан күресі сияқты спорттық ойындар және т.б. тұрмыстық мәдени және шаруашылық қарым-қатынастардағы іс-шараларды салт-дәстүрге сай атқару ісі жоспарланып, өткізілуге тікелей бас-көз болған (Дауытбекова 2018).

Ақсақалдар кеңесі ел басқарумен де айналысты. Мал шаруашылығы негізгі шаруашылық

түрі болып саналатын қазақтар үшін ең маңызды мәселе ол әрине жер мәселесі, дау-дамай көп болатын да осы сала. Сондықтан ақсақалдар кеңесі әр рудың жер иеліктерін белгілеп беріп отырған. Ақсақалдар кеңесінің рөлі Қазақ хандығының құрылуы дәуірінде ерекше болды. Осы жөнінде М.Б. Олкотт былай дейді: «Әрбір ауылдың өзінің әдетте «ақсақал» деп құрметтейтін үлкені болды, ол ауылының жайылымдық жерлері мен адамдарының мүддесін қорғады. Ақсақалдар бір ру мен екінші рудың арасында келіссөздер жүргізу және өзара даулы мәселелерге төрелік ету үшін, сондай-ақ көшіп-қону жөнін ретке келтіріп, жайылымдық жерлерді дұрыстап бөліп отыру мақсатында араларынан би сайлауға бастарын қосып тұрды. Би атағы әкеден балаға қалғанымен, ол мұралыққа көшетін ұғым емес, кімді би сайлау ақсақалдардың таңдауына байланысты болды.

Қазақтардың неғұрлым үлкен қауымдастығының ішінде ханға қарағанда ру басшылары мен ақсақалдарының беделі күштірек болды (Олкотт, 2011).

Билер институты секілді ақсақалдар кеңесі де Ресей отарына айналғаннан кейін өзгеріске ұшырап, кеңес одағы билігінің орнауымен оның да қызметі жойылды.

Талқылау және нәтижелер

Жоғарыда айтылған деректерден мынадай нәтижелер жасауға болады:

1. Билер соты мен ақсақалдар кеңесі қызметінің ең басты қағидасы бітімгершілік пен татуластыру екенін аңғаруға болады. Қазіргі медиация қызметінің басты идеясы да осы.

2. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде қазақтар үйлерінде, тұрмыста болатын барлық ұрыс-жанжалдарды, реніш, төбелес және басқа да кикілжіңдерді билер соты және ақсақалдар кеңесі арқылы шешіп отырған. Әр би мен ақсақал істі шешу барысында тартысушы тараптарға толықтай әділдік көрсетуді өзінің киелі борышы санаған. Билердің шығарған шешімдері мен үкімдері халық тарапынан мақұлданып, ризашылығына бөленуі керек болған. Халықтың келісімі билер шешімінің орындалуына кепілдік ретінде қарастырылды.

3. Ақсақалдар кеңесі әлеуметтік қауымның тіршілігін ұйымдастыратын бірден-бір дәстүрлі әлеуметтік институт болды. Ақсақалдар кеңесі шешімінің заңды күші болған. Ақсақалдар кеңесі туындаған мәселеге байланысты кез келген уақытта өткізілген. Себебі ақсақалдар кеңесі

жалпы халықтық мәселені емес, ауыл-аймақ пен ру ішінде туындаған мәселелерді қарастыратын.

Өйткені ақсақалдар беделі халық арасында өте жоғары, халықтың ақсақалдардың сөзіне тоқтауы, олармен кеңесіп отыруы қазақи қалыптасқан сана, ғұрыптың бірі саналады. Сондықтан 2019 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан ақсақалдар кеңесі құрылды. Оның негізгі мақсат міндеттері келесідей: азаматтарды қоғамдық келісім мен бірлік құндылықтары төңірегінде шоғырландыруға жәрдемдесу; мемлекеттік органдарға әлеуметтік және тұрмыстық жанжалдарды профилактикалауға, оларды шешуге, сондай-ақ оларды жанжалдан кейінгі реттеуге жәрдемдесу; этномедиацияны жүзеге асыруға, қоғамдық келісімді нығайту мәселелері жөніндегі диалогты ұйымдастыруға жәрдемдесу және тікелей қатысу болып табылады. Ақсақалдар Кеңесі қоғамдық-әлеуметтік мәні зор саяси институт ретінде қарастырылуы қажет.

4. Билер сотының нысаны мен мамұнын дауды қарастырудың қарапайымдылығы, сот әділдігі мен дәлеледеу бостандығының болуы, дау тараптары мен басқа да қатысушылардың өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің болуы, дау тараптарын татуластыруға тырысу, бидің шешімдерінің әділеттілігі құрады. Әр шешімдегі татуластыру рухының басым болуы билер сотының ең ерекше белгісі болып табылды. Билер соты әрқашанда тараптарды іске қатысы жоқ үшінші жақтарды немесе басқа құрметті адамдарды шақыра отырып, табыстыруға тырысқан; Бидің басты міндеті арыз-шағымдарды тез арада қарау арқылы ауыл ішінде тыныштықты сақтау және осы арқылы жауласуға немесе даудың созылып кетуіне жол бермей жанжалдың басынан тоқтату болып табылды.

Қазіргі уақытта дәстүрлі билер қызметін жаңғырту мақсатында билер кеңесі әкімдіктер жанындағы кеңес беруші орган ретінде құрылып, жұмыс жасап жатыр. Оның негізгі мақсаты – сот процесіне дейінгі және соттағы бітімгершілікті ұйымдастыру және азаматтар арасындағы конфликт денгейін төмендетуге көмектесу.

Осылайша мемлекеттің әдеттік құқық нормаларын еліміздің нормативтік базасына енгізуге

дайындығы, құлшынысы олардың әлеуметтік түрде тиімділігі мен әрекет етуші құқықтың жетілуіне оң әсерін тигізе алатынын білдіреді.

Қорытынды

Еліміздің тәуелсіздік алуымен қоғамдық өмірдің барлық салалары оның ішінде мемлекеттік құрылыс пен құқықтық жүйеде жаңа серпін пайда болды. Ал соңғы жылдары құқықтық мәні бар барлық күрделі мәселелер дәстүрлі ойлау жүйесі тұрғысында қаралып жатыр. Соның ішінде медиацияны дамытуда қазақтың қайталанбас тарихи тәжірибесін қолдану маңызды. Қазіргі уақытта дәстүрлі билер қызметі мен ақсақалдар кеңесі қызметін жаңғырту бойынша көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Мысалы «Татуласу: сотқа дейін, сотта» пилоттық жобасын жүзеге асыру аясында ҚР Жоғарғы Соты мен Қоғамдық даму министрлігі ынтымақтастық туралы меморандумның аясында еліміздің аудандары мен ауылдарында дәстүрлі «дала құқығы» негізінде дауларды шешуді меңгерген ақсақалдар мен құрметті адамдар қатарынан Билер кеңестері құрылды. Бұл Билер кеңесінің негізгі мақсаты – сот процесіне дейінгі және соттағы бітімгершілікті ұйымдастыру және азаматтар арасындағы татулық пен берекені сақтауға негіз болу. Билер кеңесі әкімдіктер жанындағы кеңес беруші орган ретінде 2018 жылдың тамыз айынан бері ресми түрде жұмыс жасап жатыр. Оның құрылу себебі халықтың генетикалық жады ғана емес, сондай-ақ билер институтының қайта жандануын есепке ала отырып қазіргі Қазақстанның құқықтық ақиқатының дамуының нақты себебі болып табылады (Бакирова, 2023).

Билер кеңесі мен ақсақалдар кеңесінің пайда болуы қазіргі құқықтық өмірдің дәстүрлі құқықтық мәдениетпен тарихи сабақтастығының көрінісі болып табылады.

Сот тәртібінде қарауға жататын даулар санын қысқарту және отандық сот төрелігін қалпына келтіру мүмкіндігін беретін татуласу рәсімдерін және медиацияны дамыту үшін билер Кеңесі мен ақсақалдар кеңесіне артылған міндеттер көп.

Әдебиеттер

- Аллекторов А.Е. Киргизская степная газета. – 1890. – №2. – С. 4.
- Андре Л.Д. Материалы по обычному праву казахов. – Алма-Ата, 1948. – Сб. 1. – С. 124-125.
- Бакирова А.М. Совет биев как архетип традиционной правовой культуры казахов в XXI в. (из серии статей про архетипы). // Вестник Кемеровского государственного университета. Серия гуманитарные и общественные науки. – №2 (26) 2023. – С. 110-120.
- Баллюзек Л.Ф. Материалы обычного права. – Алма-Ата, 1948. – 165.
- Байтұрсынов А. Жаңа низам. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 64-65 бб.
- Валиханов Ч.Ч. Собр. Сочинения в 5 томах. – Алма-Ата, 1985. – Т.1. – С. 494-523.
- Дауытбекова М.К. Қазақ халқының саяси-потестарлық институттары. Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 115 б.
- Дитятин И.И. Статьи по истории русского права. – СПб: Издание О. Н. Поповой 1895, – С. 550.
- Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер=Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. Өзгертіліп, толықтырылған 2-басылым / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т.1 – 632 б.
- Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер=Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. Өзгертіліп, толықтырылған 2-басылым / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т.3 – 616 б.
- Зуев А. Киргизский народный суд. // Журнал Министерства юстиции. – СПб, 1867. – №3. – 161-162 бб.
- Козлов И.А. Материалы по обычному праву казахов. – Алма-Ата, 1948. – Сб.1. – С. 225-228.
- Красовский Н.И. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Область сибирских киргизов. – СПб., 1868. – С. 55-97.
- Құдайбердіұлы Ш. Шежіре. // Қазақ газеті. – 1914. – 8-маусым. – 2 б.
- Левшин А.И. Описание киргиз казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей // <https://archive.org/details/LevshinAleksey. OpisaniyeKirgizKazachikhIliKirgizKaysakskikhOrdIStpeyIzvestiyaGeograficheskie.11/page/n9/mode/2up>
- Лукиан Самосатский. Избранное // <https://fiibusta.club/b/387509/read>
- Максимов Н.Н. О необходимости приступать к составлению сборника Киргизского обычного права: Отчет о деятельности Западно-Сибирского Русского географического общества за 1897 год. Омск, – 1899. – 410 с.
- «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30928762#activate_doc=2
- Олкотт М.Б. Қазақтар. – Астана: Шаңырақ-Медиа, 2011. – 22 б.
- Рулан Н. Юридическая антропология. Учебник для вузов. Перевод с франц. Ответственный редактор — член-корр. РАН, доктор юридических наук, профессор В. С. Нерсисянц. — М.: НОРМА, 1999. — 310 с.
- Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем 1910 г. // https://drive.google.com/drive/folders/1_mVLvEvKZo2Xqt_IA5AjOE5ZhRTonRb2
- Самоквасов Д.Я. Сборник обычного права сибирских инородцев. Обычай киргизов. – Варшава, 1876. – 115 с.
- Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. // <https://h.eruditor.one/file/3127889/?ysclid=lp4a03kffs544014063>
- Тереножкин А.И. Об общественном строе скифов // <https://arheologija.ru/terenozhkin-ob-obshhestvennom-stroe-skifov/>
- Исенов Ө. Дәстүрлі қазақ қоғамының ақсақалдар институты // <https://vdocuments.site/-31674-.html?page=1>
- Фальк И. Заблудший владыка скитаний / <https://author.today/work/278366?ysclid=lp4adv8zik315874285>
- Фуке С.Л. Обычное право казахов в XVIII – первой половине XIX века. // https://www.academia.edu/41601186/%D0%A4%D1%83%D0%BA%D1%81_

References

- Dityatin I.I. Stat'i po istorii russkogo prava. – Spb: Izdanie O. N. Popovoj 1895, – S. 550.
- Rulan N. Yuridicheskaya antropologiya. Uchebnik dlya vuzov. Perevod s franc. Otvetstvennyj redaktor — chlen-korr. RAN, doktor yuridicheskikh nauk, professor V. S. Nersesyanc. — M.: NORMA, 1999. — 310 s.
- «Mediaciya turaly» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30928762#activate_doc=2
- Zimanov S.Z. Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер=Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. Өзгертіліп, толықтырылған 2-басылым / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т.1 – 632 б.
- Ballyuzek L.F. Materialy obychnogo prava. – Alma-Ata, 1948. – 165.
- Allektorov A.E. Kirgizskaya stepnaya gazeta. – 1890. – №2. – S. 4.
- Kozlov I.A. Materialy po obychnomu pravu kazahov. – Alma-Ata, 1948. – Sb.1. – S. 225-228.
- Zimanov S.Z. Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер=Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. Өзгертіліп, толықтырылған 2-басылым / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т.3 – 616 б.
- Samokvasov D.Ya. Sbornik obychnogo prava sibirskih inorodcev. Obychai kirgizov. – Varshava, 1876. – 115 s.
- Zuev A. Kirgizskij narodnyj sud. // Zhurnal Ministerstva yusticii. – Spb, 1867. – №3. – 161-162 bb.
- Valihanov Ch.Ch. Sobr. Sochinenii v 5 tomah. – Alma-Ata, 1985. – T.1. – S. 494-523.

- Andre L.D. Materialy po obychnomu pravu kazahov. – Alma-Ata, 1948. – Sb. 1. – S. 124-125.
- Bajtyrsynov A. Zhaңa nizam. – Almaty: Zheti zharfy, 1996. – 64-65 bb.
- Kozlov I.A. Materialy po obychnomu pravu kazahov. – Alma-Ata. 1948. – S 124.
- Maksimov N.N. O neobhodimosti pristupat' k sostavleniyu sbornika Kirgizskogo obychnogo prava: Otchet o deyatel'nosti Zapadno-Sibir'skogo Russkogo geograficheskogo obshchestva za 1897 god. Omsk, – 1899. – 410 s.
- Kudajberdiuly Sh. Shezhire. // Kazak gazet. – 1914. – 8-mausym. – 2 b.
- Terenozhkin A.I. Ob obshchestvennom stroe skifov // <https://arheologija.ru/terenozhkin-ob-obshchestvennom-stroe-skifov/>
- Lukian Samosatskij. Izbrannoe // <https://fibusta.club/b/387509/read>
- Su Bihaj. Kazak мәдениетинин тарихы. // <https://h.eruditor.one/file/3127889/?ysclid=lp4a03kffs544014063>
- Isenov Ө. Dәstүrlі kazak kogamynyn aksakaldar instituty // <https://vdocuments.site/-31674-.html?page=1>
- I. Fal'k Zabludshij vladyka skitanij / <https://author.today/work/278366?ysclid=lp4adv8zik315874285>
- Rumyancev P.P. Kirgizskij narod v proshlom i nastoyashchem 1910 g. // https://drive.google.com/drive/folders/1_mV-LvEvKZo2Xqt_IA5AjOE5ZhRTonRb2
- Levshin A.I. Opisanie kirgiz kazach'ih, ili kirgiz-kajsackih ord i stepej // <https://archive.org/details/LevshinAleksey.OpisanieKirgizKazachikhIliKirgizKaysakskikhOrdIStepeyIzvestiyaGeograficheskie.11/page/n9/mode/2up>
- Fuks S.L. Obychnoe pravo kazahov v XVIII – pervoj polovine XIX veka. // https://www.academia.edu/41601186/%D0%A4%D1%83%D0%BA%D1%81_
- Krasovskij N.I. Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami General'nogo shtaba. Oblast' sibirskih kirgizov. – SPb., 1868. – S. 55-97.
- Dauytbekova M.K. Kazak halkynyn sayasi-potestaryk instituttary. Almaty: Kazak universiteti, 2018. – 115 b.
- Olkott M.B. Kazaktar. – Astana: Shanyrak-Media, 2011. – 22 b.
- Bakirova A.M. Sovet biev kak arhetip tradicionnoj pravovoj kul'tury kazahov v XXI v. (iz serii statej pro arhetipy). // Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya gumanitarnye i obshchestvennye nauki. – №2 (26) 2023. – S. 110-120.

Авторлар туралы мәлімет:

Қалибаева Манишук Женисбаевна – заң ғылымдарының магистрі, Тұарн университетінің докторанты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: manshuk.1981@mail.ru);

Сартаев Спатай Алтынбекұлы (корреспондент-автор) – заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті деканы (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Spatay.Sartaev@kaznu.edu.kz);

Сүлейменова Сәуле Жүсіпбековна – заң ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының кафедра меңгерушісі, профессор (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: @kaznu.edu.kz);

Жетписов Серик Кожанович – заң ғылымдарының докторы, Торайғыров университетінің «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан, Павлодар қ., e-mail: zhetpisov_serik@mail.ru);

Турсынқұлова Динара Ахановна – заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының кафедра меңгерушісінің орынбасары, аға оқытушы (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Dynara.Tursynkulova@kaznu.kz).

Information about authors:

Kalshabayeva Manshuk Zhenisbaevna – master of jurisprudence science, doctoral student of Tuarn University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: manshuk.1981@mail.ru);

Sartaev Spatay Altynbekovich (corresponding author) -candidate of jurisprudence science, dean of the Faculty of pre-university education of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Spatay.Sartaev@kaznu.edu.kz);

Suleimenova Saule Zhusupbekovna -doctor of jurisprudence science, head of the Department of Civil Law, Civil Procedure and Labor Law of the Al-Farabi Kazakh National University, professor (Kazakhstan, Almaty, e-mail: Saule.Suleimenova@kaznu.edu.kz);

Zhetpisov Serik Kozhanovich -doctor of jurisprudence science, head of the Department of “jurisprudence” of Toraigyrov University (Kazakhstan, Pavlodar, e-mail: zhetpisov_serik@mail.ru);

Tursynkulova Dinara Akhanovna -candidate of jurisprudence science, Deputy Head of the Department of Theory and history of State and law, constitutional and administrative law, Al-Farabi Kazakh National University, senior lecturer (Kazakhstan, Almaty, e-mail: Dynara.Tursynkulova@kaznu.kz).

Тіркелді: 19 қазан, 2023 ж.
Қабылданды: 20 ақпан, 2024 ж.